

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Қолғап» ертегісі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.01.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/51815/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Білімділігі:** Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

**Дамытушылығы:** Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету.

**Тәрбиелігі:** Әр кейіпкердің қимылын жасай білуге тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар қонақтармен амандасады.

Балалар қараңдаршы бұл орманның ішіндегі аңдардың ертегілерді тамашалайтын көгілдір экраны бар екен. Бұл экранның сиқырлы құпиясы болып тұрған ғой. Алдымен орманның ішіне жайғасып алайық. Олай болса мен сендерге жұмбақтар жасырамын. Бұл сиқырлы экранда бізге көмектесер. Сендер жұмбақтарды мұхият тыңдап отырыңдар.

**ЖҰМБАҚТАР:**

1. Қыс бойына жатады,

Тәтті ұйқыға батады. /Аю/

2. Қалқиған ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. /Қоян/

3. Өзі бір қу,

Жүрген жері шу. /Түлкі/

4. Күші десең, күші бар,

Тісі десең, тісі бар. /Қасқыр/

4.Таңдайлары тақылдап,

Шулайтын кім шалшықта

Бірін-бірі мақұлдап./Бақа/

5.Жер қопарған тісімен,

Сескенесің түсінен. /Қабан/

6.Үй-ішін аралап,

Түнде көп жортады.

Қаптарды жыртады,

Мысықтан қорқады. /Тышқан/

Көрдіндер ме балалар экранның сиқыры шынымен де бар екен. Осы аңдарға байланысты кім тақпақтар біледі.

**Тышқан:**

Өзім егін екпеймін,

Егістен ұзап кетпеймін.

Мысық қуса жетпеймін,

Мен қап тесер тышқанмын.

**Бақа:**

Мен бақамын, бақ-бақ,

Басым менің жалпақ.

Су түбінде көп жүріп,

Басым содан жалпақ.

**Қоян:**

Мен ақ қоян, ақ қоян,

Қалқиған ұзын құлағым.

Құлағымды жел үніне,

Тігіп жатар сақ қоян.

**Түлкі:**

Ананы да алдаған,

Мынаны да алдаған.

Жүрген жері шу,

Мен түлкімін қу.

**Қабан:**

Шалшық суда,

Балшық суда жүретін.

Мен сояу тісті қабанмын.

**Қасқыр:**

Мен қасқырмын, қасқырмын,

Қозы ұрлайтын өрістен.

Ұйқым келмейді егерде,

Қозы етін жемесем.

**Аю:**

Кезген ішін орманның,

Мен аюмын қорбаңмын.

Қалың нудан бал таңдап,

Жүремін мен балпаңдап.

Олай болса аңдардың дыбыстарын салайық.

Қасқыр қандай дыбыс шығарады.

Балалар: Ppp-ppp-ppp

Аюдың дыбысын салайық

О-oooo

Бақаның дыбысын салайық

Бақ- бақ- бақ

Қабанның дыбысын салайық

Храп- храп-храп.

Ал енді осы аңдар біз өткен ертегілердің ішінде қандай ертегіде кездеседі.

**Балалар:** Қолғап ертегісінде.

Дұрыс айтасыңдар.

Ендеше қолғап ертегісін сахналайық .

**Тәрбиеші:** Болады екен орманда неше түрлі ғажайыптар.

Бір күні ата күшігімен келе жатып, орманда қолғабын түсіріп алыпты. Қолғап жаңа, жылы, жұмсақ болыпты. Қолғапты көріп қалған тышқан қолғапқа жүгіріп келеді.

**Тышқан:** Мен суықта тоңып жүрсем. Қандай әдемі, жаңа, жылы қолғап. Мен енді осында тұрамын.

Шыршалардың арасынан бақа шығады.

**Бақа:** Қолғапта кім тұрады?

**Тышқан:** Қап тесер тышқан тұрады.

Ал сен кімсің?

**Бақа:** Мен секек бақамын. Қолғапқа мені де кіргізші.

**Тышқан:** Мұнда орын жетеді.

Шыршалардың арасынан қоян шығады.

**Қоян:** Қолғапта кім тұрады?

**Тышқан:** Қаптесер тышқан тұрады.

**Бақа:** Секек бақа тұрады. Ал сен кімсің?

**Қоян:** Мен зымырауық қоянмын. Мен де қолғапқа кіргізіңдерші. Мен суықта тоңдым.

**Бақа:** Бізде орын жетеді. Кір қоян.

Қолғапқа түлкі бикеш келеді.

**Түлкі:** Қолғапта кім тұрады?

**Тышқан:** Қаптесер тышқан тұрады.

**Бақа:** Секек бақа тұрады.

**Қоян:** Зымырауық қоян тұрады. Ал сен кімсің?

**Түлкі:** Мен түлкі бикешпін. Менде қолғапқа кіргізіңдерші. Мен суықта әбден тоңдым. Маған көмектесіңіздерші.

**Қоян.** Мұнда орын жетеді. Қолғап жылы, жаңа, жұмсақ кел кір түлкі.

Шыршалардың арасынан қасқыр шығады.

Қолғапта кім тұрады?

**Тышқан:** Қаптесер тышқан тұрады.

**Бақа:** Секек бақа тұрады.

**Қоян:** Зымырауық қоян тұрады.

**Түлкі:** Түлкі бикеш тұрады.

Ал сен кімсің?

**Қасқыр:** Мен қасқырмын. Мені де кіргізіңдерші. Бізде орын жетеді. Кел, кір қасқыр.

Қолғапқа қабан келеді.

Қолғапта кім тұрады?

**Тышқан:** Қаптесер тышқан тұрады.

**Бақа:** Секек бақа тұрады.

**Қоян:** Зымырауық қоян тұрады.

**Түлкі:** Түлкі бикеш тұрады.

**Қасқыр:** Қасқыр тұрады.

Ал сен кімсің?

**Қабан:** мен сояу тісті қабанмын. Мені де қолғапқа кіргізіңдерші.

Қабан қолғапқа кіреді.

Шыршалардың арасынан аю шығады.

**Аю:** Қолғапта кім тұрады?

**Тышқан:** Қаптесер тышқан тұрады.

**Бақа:** Секек бақа тұрады.

**Қоян:** Зымырауық қоян тұрады.

**Түлкі:** Түлкі бикеш тұрады.

**Қасқыр:** Қасқыр тұрады.

**Қабан:** Сояу тісті қабан тұрады.

Ал сен кімсің?

Мен аю аталарыңмын. Мені де кіргізіңдерші.

**Тышқан:** Жоқ!

**Бақа:** мұнда орын жоқ!

**Қоян:** сен дәусің қалай кіресің?

**Аю:** Қолғапқа кіреді.

**Тәрбиеші:** Жоғалған қолғабын ата есіне алып орманға қайтып келеді. Атадан бұрын күшік келіп қолғапты көріп қалады. Күшік үреді . Аңдар орманға қашады. Ата қолғапын алып кетеді.

Балалар сендер қандай ертегіні саханаладыңдар.

Балалар: Қолғап

Қолғап ертегісінде қандай кейіпкерлер болады.

Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, қабан, аю.

Иә, ертегі кейіпкерлері бір-бірімен таласпай, бірін-бірі итермей бәрі сол бір қолғаптың

ішіне сыйыпты. Көрдiңдерме?

Бiз де осылай дос болуымыз керек. Бiздiң топта қанша бала болса, сонша бiздiң досымыз көп екен.

**Мақал- мәтелдi қайталайық:**

«Досы көптi жау алмайды»

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.